

Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 67-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 23 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2760. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2009 жылғы 2 ақпандағы N 54 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2009.02.02 N 54 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 67-І бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2760 нөмірмен тіркелген, "Ресми газеттің" 2004 жылғы 18 желтоқсандағы N 51 (208) санында жарияланған) күші жойылсын.

2

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, таныстыру мен таратуға жатады.

Министр

С. Ахметов

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 12) тармақшасына сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Автомобиль көлігі басқармасы (Ш.Қ.Маханов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылуын қамтамсыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі Е.Ж.Қошановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

К е л і с і л д і

Қазақстан

І ш к і

і с т е р

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

м и н и с т р і

2004 жылғы 16 ақпан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к

ж әне

к о м м у н и к а ц и я л а р

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 4

ж ыл ғы

1 6

а қ п а н д а ғы

№ 67-І бұйрығымен бекітілген

Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесі

Осы Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) іске асырылуы жол қозғалысы қауіпсіздігін, жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ автокөлік құралдарының қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға және олардың пайдалану сенімділігін арттыруға бағытталған автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі негізгі нормативтік ережелерді белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

&1 Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Автомобиль көлік құралы (бұдан әрі - автокөлік құралы) - автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, автомобиль тіркемелерін , ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ мамандандырылған автомобильдерді (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнайы автомобильдерді (әр түрлі, негізінен көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі.

2. Жарамды жай-күй - автокөлік құралдарының конструкциясына, параметрлеріне, функционалдық мақсатталуына және агрегаттарының, тораптарының, бөлшектерінің қасиеттеріне қойылатын нормативтік кесімдер мен конструкторлық құжаттаманың барлық талаптарына сәйкес келетін техникалық жай-күй.

3. Автокөлік құралының санаты - 1-қосымшаға сәйкес техникалық параметрлері мен функционалдық мақсаты бойынша автокөлік құралының жіктемесін белгілейтін мән.

4. Сенімділік - жұмыстың, техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің және сақтаудың берілген режимдерінде және пайдалану шарттарында, белгіленген

шектердегі берілген функциялардың орындалуын, пайдалану көрсеткіштерінің сақталуын қамтамасыз ететін автокөлік құралы агрегаттарының, тораптарының және бөлшектерінің техникалық жай-күйі.

5. Жарамсыз жай-күй - автокөлік құралдарының конструкциясына, параметрлеріне, функционалдық мақсатталуына және агрегаттарының, тораптары мен бөлшектерінің жұмыстық мақсаты мен қасиеттеріне қойылатын нормативтік кесімдер мен конструкторлық құжаттама талаптарының біреуіне болса да сәйкес келмейтін техникалық жай-күй.

6. Техникалық қызмет көрсетудің міндетті жұмыстары (міндетті жұмыстар) - орындалуы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және автокөлік құралдарының қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға бағытталған операциялар кешені.

7. Автокөлік құралының толық массасы - толығымен жағармай (отын, май, салқындататын сұйықтық) құйылған, жасаушы кәсіпорын белгілеген жолаушылардың немесе жүктің барынша рұқсат етілген саны бар жинақталған (қосалқы доңғалақпен және сайманмен) автокөлік құралының массасы.

8. Ұсынылатын техникалық қызмет көрсету жұмыстары (бұдан әрі - ұсынылатын жұмыстар) - орындалуы негізінен бөлшектердің тозуын, агрегаттардың, тораптардың және бөлшектердің техникалық жай-күйі параметрлерінің нашар жаққа өзгеру қарқынын төмендетуге, автокөлік құралдарының үнемділігін, жүрмей қалу мен ақаулықтардың туындауын болдырмауды қамтамасыз етуге бағытталған техникалық қызмет көрсету операцияларының кешені.

9. Автокөлік құралының жабдықталған массасы - толығымен жағармай (отын, май, салқындататын сұйықтық) құйылған, жинақталған (қосалқы доңғалақпен және сайманмен) автокөлік құралының массасы.

10. Техникалық жай-күй - автокөлік құралының пайдалану процесінде өзгеруге бейім қасиеттері мен нормативтік және конструкторлық құжаттамада белгіленген агрегаттарының, тораптарының және бөлшектерінің, олардың өз функцияларын орындау немесе оларды мақсаты бойынша қолдану мүмкіндігін анықтайтын параметрлерінің жиынтығы.

11. Техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚ) - автокөлік құралдарын жарамды күйде ұстауға, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оларды пайдалану және сақтау процесінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған операциялардың кешені (техникалық әсер ету).

2-тарау. Пайдаланымдағы автокөлік құралдарының техникалық жай-күйіне қойылатын жалпы талаптар
&1 Жалпы ережелер

12. Автокөлік құралдары, олардың артегаттары, тораптары және бөлшектері:

1) "Автокөлік құралдары. Қозғалыс қауіпсіздігінің шарттары бойынша техникалық жай-күйге қойылатын талаптар. Тексеру әдістері" туралы КСРО Стандарттау және метрология комитетінің 1991 жылғы 2 желтоқсандағы N 1851 қаулысымен бекітілген МЕМСТ 25478-91 (бұдан әрі - МЕМСТтар) сәйкес қозғалыс қауіпсіздігінің шарттары бойынша техникалық жай-күй;

2) "Табиғатты қорғау. Атмосфера. Бензин қозғалтқыштары бар автомобильдердің пайдаланылған газдарындағы көміртек оксиді мен көмірсутегілердің құрамын өлшеу нормалары мен әдістері. Қауіпсіздік талаптары" туралы КСРО Стандарттар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1987 жылғы 13 наурыздағы N 732 қаулысымен бекітілген МЕМСТ 17.2.2.03-87 сәйкес пайдаланылған газдардағы уытты заттардың құрамы;

3) "Дизельді автомобильдер. Пайдаланылған газдардың түтінденуі. Өлшеу нормалары мен әдістері. Қауіпсіздік талаптары" туралы КСРО Министрлер Кеңесі Мемлекеттік стандарттар комитетінің 1975 жылғы 18 желтоқсандағы N 3944 қаулысымен бекітілген МЕМСТ 21393-75 сәйкес пайдаланылған газдардың түтіндену деңгейі ;

4) "Жер үсті көлігіне арналған қауіпсіз шыны. Жалпы техникалық шарттар" туралы КСРО Стандарттар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1988 жылғы 23 желтоқсандағы N 4557 қаулысымен бекітілген МЕМСТ 5727-88 талаптарына желге қарсы шынылар параметрлерінің сәйкестігі бөлігінде белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

13. Конструкцияда көзделген шанақ пен кабина есіктерінің құлыптары, жүк платформасы ернеулерінің тиектері, цистерналар мен отын бактері ауыздарының тиектері, отын бағы қақпағының құрылғысы, жүргізуші мен жолаушы отырғыштарының реттеу тетіктері мен бекіткіш құрылғылары, желге қарсы шыныны қыздыру, үрлеу және тазарту құрылғылары, айдап кетуге қарсы құрылғы жұмысқа жарамды күйде болуы тиіс.

14. Автобустардағы сыртқы қаптал артқы жақ айналары, бамперлер, тұтқалар, қосалқы доңғалақ, аккумуляторлар, отырғыштар, қауіпсіздік белдігі автокөлік құралының конструкцияларында көзделген орындарда бекітілуі тиіс.

&2 Қоректендіру, салқындату, майлау және от алдыру жүйелерін қоса алғанда, қозғалтқыштарға қойылатын талаптар

15. Қозғалтқыштың техникалық жай-күйі мен оның жабдығы жеңіл және сенімді іске қосуды қамтамасыз етуі тиіс. Жұмыстық температураға дейін қыздырылған қозғалтқыш барлық режимдерде орнықты жұмыс істеуі тиіс.

16. Қозғалтқыштың, қалқалық жабдықтың және капот асты кеңістігінің бетінде отын және майлау материалдарын сіңіруге және жинауға бейім ескі

шүберекті немесе өзге де мақта-мата және синтетикалық бұйымдарды тығыздағыш ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді.

17. Қалқалық жабдық (қоректендіру және от алдыру жүйесінің стартері, генераторы, тораптары және бөлшектері) ретінде автокөлік құралының, не ұқсас параметрлері бар олардың баламаларының нақты маркасына (үлгісіне) жасаушы зауыт конструкторлық құжаттамада көздеген тораптар мен бөлшектерді ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

18. Клапан қақпақты, картер табандығын, май сүзгісін (центрифуга), сондай-ақ май радиаторы мен құбырларын бекіту орындары герметикті болуы және майдың ағу мүмкіндігін болдырмауы тиіс. Қозғалтқыштың майлау жүйесінде май ұстамайтын резеңке-техникалық материалдардан жасалған жалғастырғыш келтеқұбырлар мен құбырларды пайдалануға рұқсат етіледі.

19. Салқындату жүйесіндегі жалғастырғыш келтеқұбырлар радиатормен, су сорғысымен, термостатпен, ұлғайтқыш кеспекпен, сондай-ақ салонның (кабинаның) қыздыру жүйесімен, салқындатқыш сұйықтықтың ағу мүмкіндігін болдырмайтын герметикалық қосылуды қамтамасыз етуі тиіс.

20. Қозғалтқыштағы салқындатқыш сұйықтық температурасының, май қысымының датчиктері және олардың көрсеткіштері жарамды күйде болуы тиіс.

21. От алдыруды және отын бүркуді басқару шағын процессорлық жүйесі бар қозғалтқыштың (иінді білік айналысының жиілігінің, иінді біліктің бұрылу бұрышы бойынша күйінің, жіберу құбырындағы қысымның, дроссель жапқышының, ауа температурасының, пайдаланылған газдардағы уытты заттар құрамының) жұмыс режимінің датчиктері жарамды күйде болуы тиіс.

22. Қозғалтқыш картері желдету жүйесінің герметиктігін бұзуға жол берілмейді.

23. Барлық жетек белдіктерінің тартылуы пайдалану жөніндегі нұсқауда (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) жасаушы кәсіпорын үшін белгілеген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

24. Бензиндік және дизельдік қозғалтқыштардың қоректендіру жүйесінде отынның ағуы мен ауаның сорылуы болмауы тиіс.

25. Шығару жолы жүйесі (шығару коллекторы, қабылдау түтігі, резонатор, сөндіргіш, нейтрализатор және құбыр) герметикті және тораптар сенімді бекітілуі тиіс.

26. Сұйытылған мұнай немесе сығылған табиғи газбен жұмыс істейтін автокөлік құралдарының қоректендіру жүйесінде куәландыру мерзімі өткен газ баллондарын пайдалануға, сондай-ақ газдың шығуына рұқсат етілмейді.

&3 Электр жабдығы мен сыртқы жарық беру аспаптарына қойылатын талаптар

27. Электр жабдығының аспаптары (дыбыстық сигнал, лампалар, жарық беру және сигнал беру аспаптары, бақылау-өлшеу аспаптары, фаралар, кіші фаралар, артқы шамдар, тоқтату сигналы қалқаншасының сақтандырғыштары және жарықты ауыстырып қосқыштар) жарамды күйде болуы тиіс.

28. Жарықтың күшін, фаралардың (оның ішінде тұманға қарсы) жарық ағынының бағытын, бұрылыстар көрсеткіштері жалтылының жалғасу жиілігін реттеу параметрлері, сондай-ақ шыны тазартқыштар мен шыны жуғыштардың жұмыс істеу параметрлері МЕМСТтардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

29. Автокөлік құралындағы сыртқы жарық аспаптарының саны мен орналасуы "Автомобильдердің, автобустардың, троллейбустардың, тракторлардың, тіркемелердің және жартылай тіркемелердің сыртқы жарықтық аспаптары. Саны, орналасуы, түсі, көріну бұрыштары" туралы КСРО Министрлер Кеңесі Мемлекеттік стандарттар комитетінің 1975 жылғы 18 шілдедегі N 1857 қаулысымен бекітілген МЕМСТ 8769-75 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

30. Автопоездың өлшем оттары, айыру белгісі, тежеу сигналы, артқы жүріс шамдары тиісті басқару органдарына әсер ету кезінде қосылуы тиіс.

31. Авариялық сигнал беру тетігі барлық бұрылыс көрсеткіштерінің жылтылдау режимінде ілеспелі қосылуын қамтамасыз етуі тиіс.

32. Электр сымдары ширатылып жиналуы, сенімді бекітілуі және қысқа тұйықталу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

&4 Ілінісуге қойылатын талаптар

33. Ауыстырып қосу берілісінің механикалық қорабы бар автокөлік құралында ілінісу басқышына бір реттік басу ілінісуді сөндіруді толық мөлшерде қамтамасыз етуі (айналу моментінің қозғалтқыштан трансмиссияға берілуін болдырмауы) тиіс.

34. Ілінісу басқышы толығынан басылған және беріліс қосылып тұрған, не оны қосу кезінде автокөлік құралының өздігінен қозғалуына жол берілмейді.

35. Ілінісу басқышын біркелкі жіберген кезде автокөлік құралы орнынан бір қалыпты (жұлқусыз) қозғалуы тиіс.

36. Ілінісу басқышының еркін жүрісінің, жұмыс цилиндрінің штогы жүрісінің шамасы, сондай-ақ басты цилиндр сыйымдылығындағы жұмыстық сұйықтықтың деңгейі мен үлгісі (маркасы) пайдалану жөніндегі нұсқауда (конструкторлық құжаттамада) жасаушы кәсіпорын автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін белгілеген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Ілінісу жетегіндегі сұйықтықтың ағуына жол берілмейді.

37. Ілінісуді басқару жетегі ілінісудің толық және шусыз қосылуы мен ажыратылуын қамтамасыз етуі тиіс. Ілінісудің тоқтап қалуына жол берілмейді.

&5 Берілісті ауыстырып қосу қорабына қойылатын талаптар

38. Берілісті ауыстырып қосу тетігі олардың дәл ауыстырып қосылуы мен бекітілуін қамтамасыз етуі тиіс.

39. Беріліс қорабы мықты бекітілуі және май ақпауы тиіс. Жетектік тартқыштардың және берілісті ауыстырып қосу тетігінің жалғанған жерлері бекітілуі тиіс.

40. Берілістің гидромеханикалық қорабында берілісті автоматты ауыстырып қосу режимдері дұрыс реттелуі тиіс.

&6 Карданды беріліске қойылатын талаптар

41. Автокөлік құралының қозғалысы кезінде карданды берілісте көрініп тұрған (нақты) зақымданулар (жарықтар, майысқан жерлер), сондай-ақ шу (діріл) болмауы тиіс.

42. Көпкілтек және топсалы қосылыстардың фланецтерін бекіту өздігінен қатаятын гайкалармен немесе контргайкалармен жүзеге асырылуы тиіс. Көпкілтек және топсалы қосылыстардың фланецтерін бекітуде, сондай-ақ аспалы мойынтіректі бекітуде бұрандамалар мен гайкалардың болмауына жол берілмейді.

43. Оймалы қосылған жерлердің тарту моментінің, топсалы және көпкілтек қосылыстардағы саңылаудың, сондай-ақ карданды берілістегі соғудың шамасы пайдалану жөніндегі басшылықта (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін жасаушы кәсіпорын көздеген рұқсат етілген мәндердің шегінде болуы тиіс.

&7 Жетекші белдікке қойылатын талаптар

44. Жетекші белдіктің корпусында көрініп тұрған жаншылған жерлер мен геометриялық бұзушылықтар, жарты біліктер, карданды берілісті жалғастыру фланеці, сондай-ақ басты беріліс редукторын бекіту аймағындағы төсеме қойылған жерлерде май ағуы болмауы тиіс. Сапун жарамды күйде болуы тиіс.

45. Жарты білік мойынтіректеріндегі саңылаудың шамасы пайдалану жөніндегі басшылықта (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін жасаушы кәсіпорын көздеген рұқсат етілген мәндердің шегінде болуы тиіс. Автокөлік құралының қозғалысы кезінде жүргізуші белдіктің тораптарында (жарты білік мойынтіректерінде, басты берілістің тісті іліктіргішінде, тең бұрыштық жылдамдықтар топсаларында) шудың болуына жол берілмейді.

46. Оймалы қосылыстар (қамыттар, лонжерондарды бекіту басқыштары, рессорлардың, амортизаторлардың саусақтары) жүргізуші белдіктің жалғасатын тораптармен бекітілетін жерлерінде тартылуы және бекітілуі тиіс. Бекіту бұрандамаларының немесе гайкаларының, негізгі бұрандамалардың (оның ішінде олардың бүлінуі) болмауына, сондай-ақ автокөлік құралының шанағына қатысты жетекші белдіктің қисаюына жол берілмейді.

&8 Рульдік басқаруға қойылатын талаптар

47. Руль тетігі мен руль жетегі автокөлік құралының шанағына (рамасына) мықты бекітілуі тиіс.

48. Руль тартымдарының ұштықтарындағы саңылау пайдалану жөніндегі басшылықта (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін жасаушы кәсіпорын көздеген рұқсат етілген мәндерден аспауы тиіс.

49. Рульдік басқару тетігіндегі жиынтық люфт МЕМСТтарда белгіленген рұқсат етілген мәндерден аспауы тиіс.

50. Рульдік басқару күшейткішімен жабдықталған автокөлік құралында руль доңғалағының қозғалыссыз күйде және қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде өздігінен айналуына жол берілмейді.

51. Руль тетігінде және руль жетегінде қалдық деформацияның іздері, жарықтар және басқа ақаулары бар бөлшектерді қолдануға рұқсат етілмейді.

52. Руль доңғалағының айналуы, оның бұрылу бұрышының барлық диапазонында жұлқымай және айқаспай өтуі тиіс.

53. Руль тартымдарының оймалы қосылыстары тартылуы және бекітілуі тиіс. Руль доңғалағының кезінде бөгде шу (сықыр, шерту) болмауы тиіс.

54. Айдап кетуге қарсы құрылғының құлпы руль білігін, от алдыру кілтін "рульмен басқару жабық" күйінен алғаннан кейін ғана жабылуы тиіс.

55. Рульдік басқару күшейткішінің резервуарындағы жұмыс сұйықтығының деңгейі пайдалану жөніндегі басшылықта (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін жасаушы кәсіпорын белгілеген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Рульдік басқару күшейткішінің гидравликалық жүйесінде жұмыс сұйықтығының ағуына рұқсат етілмейді.

&9 Тежегіш жүйесіне қойылатын талаптар

56. Автокөлік құралдарының тежегіш жүйесінің элементтері жарамды күйде болуы және жасаушы кәсіпорында пайдалану жөніндегі нұсқауда (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

57. Тежегіш басқышына бір рет басу автокөлік құралының сол және оң жақтары доңғалақтарының тиімді, бір мезгілдегі және біркелкі тежелуін қамтамасыз етуі тиіс.

58. Автокөлік құралдарының тежеу тиімділігінің нормативтері, жұмыс, қосалқы және тұрғызу тежегіш жүйелерінің параметрлері, автокөлік құралының алдыңғы және артқы біліктерінің тежегіш жетегі буындарының, сондай-ақ автопоезд буындарының жұмыс істеу уақыттарының асинхрондық параметрлері МЕМСТтардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

59. Тұрғызу тежегішінің тұтқасы бекіту құрылғысымен жұмыс күйінде ұсталуы тиіс.

60. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде пневматикалық тежегіш жетегі ресиверлерінің бақылайтын сыртқа шығып тұратын өткізгіштеріндегі сығылған ауаның қысымы 0,65-тен 0,85 МПа, ал тіркемелер (жартылай тіркемелер) үшін тартқышқа бір сымды жетек бойынша қосу кезінде - кемінде 0,48 МПа және екі сымды жетекке қосу кезінде - кемінде 0,63 МПа рұқсат етіледі.

61. Пневматикалық немесе пневмогидравликалық тежегіш жетегі герметиктігінің бұзылуы қозғалтқыш жұмыс істемеген кезде ауа қысымының түсуін қысым реттегішінің төменгі реттеу шегінің шамасынан:

1) 12 минут ішінде - тежегіш жүйесін басқару органдарының еркін күйі кезінде ;

2) 6 минут ішінде - тежегіш жүйесін басқару органдарын іске толық қосқаннан кейін 0,02 МПа артық туындатпауы тиіс.

Доңғалақ тежегіш камераларынан сығылған ауаның шығуына жол берілмейді.

62. Пневматикалық және пневмогидравликалық тежегіш жетектерінің манометрлерін қоса алғанда, тежегіш жүйелерінің сигнал беру және бақылау жүйесі, сондай-ақ тұрғызу тежегіш жүйесін басқару органдары жарамды күйде болуы тиіс.

63. Икемді тежегіш шлангаларының жарықтары болмауы тиіс және мықты бекітілуі тиіс. Шлангалардың қысыммен ісінуіне, оларда көрініп тұрған қажалған жерлердің болуына рұқсат етілмейді.

64. Автокөлік құралын тежеу кезінде жұмыстық және қосалқы тежегіш жүйелерінің жұмысы реттелетін болуы тиіс:

1) тежеу күшінің азаюы мен ұлғаюы тежегіш жүйесін басқару органына, оның реттелуінің барлық диапазонында әсер ету арқылы қамтамасыз етілуі тиіс;

2) тежеу күші басқару жүйесіне әсер етуге пропорционал өзгеруі тиіс.

65. Доңғалақ тежеу тетіктерінің тежегіш жапсырмаларының тозуы пайдалану жөніндегі басшылықта (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін жасаушы кәсіпорын белгілеген шектік рұқсат етілген мәндерден аспауы тиіс.

66. Автомобиль-тартқышты жұмыстық, не тұрғызу тежегіш жүйесімен тежеу кезінде тіркеменің жұмыстық не тұрғызу тежегіш жүйесі тиісінше бір мезгілде қосылуы тиіс. Бұл талап конструкциясында тартқыш пен тіркеменің (жартылай тіркеменің) тұрғызу тежегіш жүйелерін басқару жеке органдары көзделген автокөлік құралдарына қолданылмайды.

67. Автопоездардың екі сымды пневматикалық тежегіш жетегі:

1) басқаратын магистраль ажыраған кезде пневматикалық тежегіш жетегінің

қоректендіретін магистралында қысымның алынуын және тартқыштың жұмыстық тежегіш жүйесін басқару органының іске қосылуын (талаптар өндірісі 1995 жылғы 1 қаңтардан кейін басталған пневматикалық тежегіш жүйесі бар автокөлік құралдарына қолданылады);

2) қоректендіргіш магистраль ажыраған кезде тіркеменің тежегіш жетегінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

68. Тежегіш пневматикалық жетегінің тежегіш күштері реттегішінің бақылайтын сыртқа шығып тұратын өткізгіштеріндегі қысым және тежегіш гидравликалық жетегінің реттегіші серіппесінің бос ұшының тартылу күші автокөлік құралының толық массасы мен жабдықталған жағдайындағы күйінде пайдалану жөніндегі басшылықта (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін жасаушы кәсіпорын белгілеген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

69. Блоктауға қарсы тежегіш жүйесі (бұдан әрі - БҚЖ) кемінде 40 км/сағ бастапқы жылдамдықпен жүріп бара жатқан жабдықталған күйдегі автокөлік құралын тежеу кезінде, берілген дәліздегі оның орнықтылығын, доңғалақтардың тоқтауын болдырмау арқылы қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте автокөлік құралының доңғалақтары, автокөлік құралының қозғалыс жылдамдығы БҚЖ сөнетін бастапқы мәнге сәйкес 15 км/сағ жеткен кездегі сөнген сәтке дейін жол төсемінде өз іздерін қалдырмауы тиіс.

&10 Шиналар мен доңғалақтарға қойылатын талаптар

70. Шиналар өлшемі, рұқсат етілген жүктемесі және қозғалыс жылдамдығы бойынша, сондай-ақ олардағы ауаның қысымы пайдалану жөніндегі басшылықта (конструкторлық құжаттамада) автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін жасаушы кәсіпорын белгілеген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

71. Автокөлік құралдарына, оның ішінде тіркемелер мен жартылай тіркемелерге салынған шиналардың бұжыртабаны суретінің қалған биіктігі МЕМСТтардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

72. Шиналарда жергілікті кордаларды жалаңаштайтын зақымдықтардың (тесіктердің, кесілген жерлердің), сондай-ақ бұжыртабанның бетінде локальды тозу таңдақтарының болуына немесе оның қабатталуына рұқсат етілмейді.

73. Доңғалақтардың құрсауларында жарықтар мен майысқан жерлер болмауы тиіс, бекіткіш бұрандамалардың немесе гайкалардың болмауына, сондай-ақ оларды тарту моментінің босауына рұқсат етілмейді.

74. Қосарланған доңғалақтар дискілердегі вентиль тесіктері, шиналардағы ауа қысымын өлшеу және сәйкестікке келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, бірге болатындай етіп салынуы тиіс. Реттығындарды тығындармен, пробкалармен және басқа құралдармен ауыстыруға рұқсат етілмейді.

75. Автокөлік құралының бір білігінде радиалды шинаны диагоналды немесе бұжыртабанының суреттері әр түрлі шиналармен бірге орнатуға рұқсат етілмейді.

3-тарау. Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу

&1 Жалпы ережелер

76. Автокөлік құралдарының сенімділігін, олардың жолдардағы қоршаған ортаға ең төменгі теріс әсермен қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету жоспарлау-алдын алу техникалық қызмет көрсетудің жоспарлау-алдын алу жүйесін (бұдан әрі - Жүйе) іске асырумен жүзеге асады.

Жүйе нормативтік құжаттаманың, және автокөлік құралдарының, оларды пайдалану және сақтау процесіндегі жарамды күйін қамтамасыз ету үшін қажетті орындаушылардың және техникалық қызмет көрсету және жөндеу құралдарының жиынтығын білдіреді.

77. Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі нормативтік құжаттама пайдалану шарттарын ескере отырып, қағидаттар, анықтамалар, ұсыныстар, технология, нормативтерді және оларды өңдеу әдістерін белгілейді және осы Ережеден, мемлекеттік стандарттар мен өзге де нормативтік актілерден, оның ішінде конструкторлық құжаттама мен автокөлік құралының нақты маркасын (үлгісін) пайдалану жөніндегі басшылық құралдан тұрады.

78. Автокөлік кәсіпорындарында, автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша мамандандырылған кәсіпорындарда (бұдан әрі - техникалық қызмет көрсету станциялары) орналасқан автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу құралдарына ғимараттар мен құрылыстар, технологиялық жабдық пен жарақ кіреді.

79. Жүйені іске асыру процесіндегі техникалық іс-әрекет жиынтығы:

1) автокөлік құралын пайдалануға енгізуге, пайдаланудан уақытша алуға және сақтауға дайындауға;

2) автокөлік құралдарының, оларды пайдалану және сақтау процесіндегі қажетті сенімділік деңгейін ұстап тұруға және жарамды күйін қамтамасыз етуге бағытталған автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды қамтиды.

80. Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) сату алдындағы техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚса);
- 2) сыннан өткізу кезеңіндегі техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚсө);
- 3) күн сайынғы техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - КҚ);
- 4) кезеңді техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚк);

- 5) маусымдық техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - МК);
- 6) консервациялау алдындағы техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚТ);
- 7) жөндеу (бұдан әрі - Ж).

81. ТҚ операцияларының барлық көлемі екі топқа бөлінеді:

1) міндетті жұмыстардың тізбесіне (4-қосымша) кіретін операциялар. Операциялардың бұл тобы, меншік нысандарына қатыссыз автокөлік құралдары иелерінің барлығы орындау үшін міндетті болып табылады;

2) автокөлік құралдары иелерінің шешуі бойынша орындалатын, ұсынылатын операциялар.

82. Өндірістік бағдарламаға байланысты автокөлік құралдарына ТҚ бойынша жұмыстар (күйанықтау) ағынды желілерде немесе тұйықталған посттарда, ал ТЖ - әмбебап және мамандандырылған посттарда орындалады. Автокөлік құралдарына ТҚ бойынша жұмыстар кемінде:

1) ТҚ-1 үшін - 12 қызмет көрсету;

2) ТҚ-2 үшін - 5 қызмет көрсету ауысымдық бағдарламасы бар ағынды желілерде жүргізіледі.

83. Орындалатын жұмыстардың сапасын белгіленген көлемде қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру мақсатында ілеспелі ағымдағы жөндеудің көлемін ТҚк жүргізу кезінде шектеу ұсынылады. Ілеспелі ағымдағы жөндеу операцияларының жалпы еңбек сыйымдылығы ТҚк тиісті түрінің еңбек сыйымдылығынан 20%-дан аспауы тиіс.

&2 Автокөлік құралдарына сатып алу алдындағы техникалық қызмет көрсету

84. ТҚса автокөлік құралдарын сату алдында, оларды пайдалануға енгізу кезіндегі толық жұмыстық жарамдылығын қамтамасыз ету мақсатымен орындалады.

85. Сауда желісі арқылы сатылатын пайдалануда болған автокөлік құралдарының ТҚса сауда ұйымы техникалық қызмет көрсету станцияларында немесе өз күштерімен өндірістік үй-жайлар мен қажетті жабдық болған кезде орындайды.

86. ТҚса орындау кезіндегі жұмыстардың тізбесі:

1) КҚ бойынша жұмыстардың толық көлемін;

2) консервациядан алу бойынша операцияларды, автокөлік құралының жинақталуын және жарамды күйін тексеруді қамтиды.

Одан басқа, ТҚса операцияларының тізбесі белгіленеді және автокөлік құралының нақты маркасына (үлгісіне) арналған сервистік кітапша бойынша өңделеді.

&3 Автокөлік құралдарына сыннан өткізу кезеңіндегі техникалық қызмет көрсету

87. Жаңа автокөлік құралдарының сыннан өткізу кезеңі бөлшектердің, тораптардың, тетіктердің қарқынды қосымша жұмысымен, бекіткіш қосылыстардың босауымен және технологиялық саңылаулардың бұзылуымен сипатталады.

88. ТҚсө бойынша жұмыстарды орындауды автокөлік құралының иесі техникалық қызмет көрсету станцияларында жүзеге асырады және ол автокөлік құралы агрегаттарының, тораптарының және бөлшектерінің ең төменгі тозу арқылы қосымша жұмыс істеуін, босаған бекіткіштер мен қосылған жерлерді бақылауды және тартуды қамтамасыз етудің қолайлы жағдайын жасауға бағытталған.

89. Сыннан өткізу кезеңі жасаушы кәсіпорында автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін белгіленеді және конструкция мен пайдалану шарттарына байланысты 1-ден 5 мың км дейін болуы мүмкін.

90. Автокөлік құралын сыннан өткізу кезеңінің соңында орындалуы қажет негізгі жұмыстарға:

- 1) қозғалтқыштағы майды және май сүзгісін ауыстыру;
- 2) майлау, қоректендіру және салқындату жүйелерінің герметиктігін тексеру;
- 3) агрегаттардың бекіткіштері мен трансмиссияның тораптарын тексеру;
- 4) газ бөлу тетігі мен қоректендіру жүйесі бойынша реттеу жұмыстары;
- 5) басқару тетіктері мен тежегіш жүйесі бойынша бақылау-диагностикалық жұмыстар ;
- 6) қозғалтқышты пайдаланылған газдардың уыттлығы мен түтінділігіне тексеру жатады .

Автокөлік құралының нақты маркасына (үлгісіне) арналған ТҚсө операцияларының толық тізбесі жасаушы кәсіпорында белгіленеді және пайдалану жөніндегі нұсқауда (сервистік кітапшада) келтіріледі.

&4 Автокөлік құралдарына күн сайынғы техникалық қызмет көрсету

91. КҚ күн сайын ауысымның басталу алдында не ауысымаралық уақытта автокөлік құралының техникалық жай-күйін бақылау және оны пайдалануға дайындау мақсатымен орындалады.

92. Автокөлік құралына КҚ операцияларында:

- 1) тиісті сыртқы түрді сақтау бойынша жұмыстарды орындау;
- 2) техникалық жай-күйді тексеру;
- 3) пайдалану сұйықтықтарын құю;
- 4) санитарлық өңдеу көзделеді.

Автокөлік құралына КҚ жөніндегі жұмыстардың толық тізбесі және олардың еңбек сыйымдылығының нормативтері 5, 7-қосымшаларда келтіріледі.

93. Техникалық жай-күйді тексеруді күн сайын арнайы постта немесе автокөлік құралы тұрақты тұратын (сақталатын) орында жауапты техникалық қызметкер (бақылаушы механик) және (немесе) желіге шығу алдында жүргізуші жүзеге асырады.

94. Автокөлік құралының кәсіпорын тұрақты орналасқан орыннан тыс жұмысы кезінде КҚ бақылау операцияларын күн сайын жүргізуші орындайды. Бақылау операциялары сонымен қатар жүргізушілер ауысу кезінде орындалады.

95. Жинау-жуу жұмыстары қажетті жуатын жабдықпен жабдықталған және қоршаған ортаның автокөлік құралдары агрегаттарының, тораптарының және бөлшектерінің тозуынан шыққан заттармен, пайдалану материалдарымен және персонал осындай жұмыстарды орындауға арналған арнайы техникалық сұйықтықтармен ластану мүмкіндігін болдырмайтын мамандандырылған посттарда орындалады. Одан басқа, жинау-жуу жұмыстары міндетті тәртіппен автокөлік құралдары күйін анықтау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу посттарына автокөлік құралы келер алдында орындалады.

96. Мамандандырылған автокөлік құралдарының шанақтарын дезинфекциялағыш ерітінділермен өңдеу Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау ережесінің, жүктің нақты түрін тасымалдауға қойылатын талаптарына, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

97. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың салондары, отырғыштарды, тұтқаларды, терезе шыныларын және едендерді қоса алғанда, желіге шығу алдында міндетті тәртіппен жуғыш және дезинфекциялағыш заттарды пайдалану арқылы күнделікті жуылуы тиіс.

&5 Автокөлік құралдарына кезеңді техникалық қызмет көрсету

98. ТҚк жұмыстардың көлемі, олардың орындалу кезеңділігі мен еңбекті қажет етуі бойынша шартты түрде үш сатыға бөлінеді: бірінші техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚ-1), екінші техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚ-2) және МҚ операциялар.

99. 6-қосымшада Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде шығарылған автокөлік құралдары үшін де, сондай-ақ алыс шет елдерде шығарылған автокөлік құралдары үшін де ТҚк сатыларын қамтитын негізгі операциялар аталып өткен. Олар пайдалану жөніндегі нұсқауға немесе автокөлік құралының сервистік кітапшасына сәйкес те орындалуы және 6-қосымшаның мәліметтерін ескере отырып өңделуі мүмкін.

100. Автокөлік құралын жасаушы кәсіпорында жүріс аралықтарының нормалары мен ТҚк операцияларының тізбесі белгіленбеген немесе олар толық

болып табылмаған жағдайда, 6, 8-қосымшаларда келтірілген мәліметтерді басшылыққа алу ұсынылады.

101. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және алыс шетел елдерінде шығарылған кейбір автокөлік құралдары үшін жасаушы кәсіпорын әрбір автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін өз жұмыс көлемі мен өз кезеңділігін және ТҚк сатысының тиісті индексін (мысалы, А, В, С) белгілеуі мүмкін.

102. ТҚк бойынша жұмыстардың еңбекті қажет ету, автокөлік құралдарының ТЖ салыстырмалы еңбекті қажет ету нормативтері 7-қосымшада келтірілген. Берілген пайдалану шарттарында автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) бойынша еңбекті қажет ету мәндерін анықтау үшін жұмыстарды жүргізуші қажет кезде операцияларды нормалауды өз бетімен жүргізеді.

103. Автокөлік құралдарын пайдаланудың жол төсемі мен жер қыртысының түрімен сипатталатын шарттарының жіктемесі бес санатқа (9-қосымша) бөлінеді.

104. 7-қосымшада келтірілген ТҚк бойынша жұмыстардың кезеңділік және еңбекті қажет ету, сондай-ақ ТЖ салыстырмалы еңбекті қажет ету нормативтері, сондай-ақ автокөлік құралдарын жасаушы кәсіпорында ұсынылатын нормативтер нақты пайдалану шарттарында тиісті коэффициенттердің көмегімен:

- 1) K_1 (10-қосымша) - автокөлік құралдарын пайдалану шарттарына;
- 2) K_2 (11-қосымша) - табиғи-климаттық шарттарға;
- 3) K_3 (12-қосымша) - автокөлік құралын пайдалана бастағаннан бастап белгіленген амортизациялық жүріске дейінгі жүрісіне;
- 4) K_4 (13-қосымша) - қызмет көрсетілетін және жөнделетін автокөлік құралдарының санына байланысты өңделеді.

105. 1,0-ге тең бастапқы өңдеу коэффициенті пайдалану шарттарының бірінші санаты және қоңыржай климат аймағы үшін қабылданады.

106. Нормативтердің қорытындылаушы өңдеу коэффициенті жеке коэффициенттерді көбейтумен белгіленеді:

- 1) кезеңділік ТҚк - $K_1 \cdot K_2$;
- 2) еңбекті қажет ету ТҚк - K_4 ;
- 3) еңбекті қажет ету - ТЖ - $K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 \cdot K_4$.

107. 6-қосымшада келтірілген ТҚк операцияларының номенклатурасы өз бетінше болып табылады. ТҚк әрбір келесі сатысы алдағы саты жұмыстарының көлемін қамтиды (ТҚ-2 ТҚ-1 операцияларын, МҚ - ТҚ-2 операцияларын қамтымайды).

108. ТҚк әрбір сатысы өз бетінше орындалуы мүмкін. Алайда, өндіріс шарттарында ТҚк тиісті сатыларын біріктіру орынды (мысалы, ТҚ-2 орындау кезінде ТҚ-1-де көзделген жұмыстардың көлемін бір мезгілде орындау орынды).

&6 Автокөлік құралдарына маусымдық техникалық қызмет көрсету

109. МҚ автокөлік құралын көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдер жұмысына дайындау бойынша жұмыстарды орындау арқылы жылына екі рет (көктемде және күзде) жүргізіледі.

110. МҚ кезінде орындалатын жұмыстардың жалпы көлеміне ТҚ-2 міндетті жұмыстары және тікелей МҚ операциялары (6-қосымша) кіреді.

111. Төменгі температуралар кезінде қозғалтқышты іске қосуды, автокөлік құралының жолаушы салонының (кабинасының) герметиктігін және қыздырылуын қамтамасыз етумен, қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендетумен байланысты МҚ едәуір маңызды жұмыстары күзгі кезеңде орындалады.

112. Одан басқа, МҚ негізгі жұмыстарына:

1) қоректендіру жүйесінің герметиктігін, қозғалтқыштың майлану мен салқындатылуын, сондай-ақ салқындатқыш сұйықтықтың тығыздық деңгейін тексеру және пайдалану шарттарымен сәйкестікке келтіру;

2) от алдыру жүйесін (жоғарғы вольтті сымдардың, бөлгіштің және тұтандыру оттықтарының жай-күйін) тексеру;

3) электр жабдығының жай-күйін тексеру;

4) электролиттің тығыздық деңгейін бақылау әрі пайдалану шарттарымен сәйкестікке келтіру және аккумулятор батареясының бақылау-машықтандыру циклін жүргізу;

5) қозғалтқыштағы майды және салқындатқыш сұйықтықты ауыстыру (қажеттілік бойынша) жатады.

&7 Автокөлік құралдарына консервациялау және сақтау алдында техникалық қызмет көрсету

113. Жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдары ауысымаралық уақытта, сондай-ақ ТҚ және Ж посттарына қою алдында жабық үй-жайларда және қалқаның астында немесе ашық алаңдарда сақталуы мүмкін (көлікжайсыз сақталу).

114. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар және таксилер ауысымаралық уақытта, сондай-ақ жұмыс сипаты тұрақты дайындықты қажет ететін автокөлік құралдары жабық жылытылатын үй-жайларда сақталуы тиіс.

115. Қауіпті жүктерді, уландырғыш және улы заттарды автомобильмен тасымалдауға арналған және пайдаланылатын мамандандырылған автокөлік

құралдары басқа автокөлік құралдарынан бөлек, олар үшін арнайы бөлінген алаңдарда сақталуы тиіс.

116. Автокөлік құралдарын сақтау орындарына қою, автокөлік құралдары мен ғимараттардың және құрылыстардың элементтері арасындағы қашықтық " Жалпыодақтық автомобиль көлігі кәсіпорындарын технологиялық жобалау нормалары" туралы РКФСР Автомобиль көлігі министрінің 1986 жылғы 6 наурыздағы N 33 бұйрығымен бекітілген ЖТЖН-01-86 талаптарына сәйкес келетіндей және олардың еркін шығуын қамтамасыз ететіндей жүзеге асырылуы тиіс. Сақтау аймағында жөндеу жұмыстары мен автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге, сондай-ақ сұрту және пайдалану материалдарын сақтауға рұқсат етілмейді.

117. Ұзақ сақтауға (үш айдан артық) қою кезінде автокөлік құралдары жарамды күйде болуы тиіс және консервациядан өтуі тиіс.

118. Консервациялау алдында жинау-жуу жұмыстары және қажет жағдайда, автокөлік құралдарын жарамды күйге келтіру үшін ТҚ және ТЖ жұмыстары орындалады.

119. Консервациялау мағынасында автокөлік құралдарын арнайы дайындалған жағдайда және олардың ұзақ уақыт кезеңі бойы сақталуын және қысқалау мерзімде көліктік күйге келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, осы мақсаттарға арналған алаңдарда жарамды күйде ұзақ сақтауға дайындау бойынша операциялар түсініледі.

120. Алты айға дейінгі мерзімге сақтауға қойылған автокөлік құралдарының ТҚк бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде мынадай операцияларды орындау қ а ж е т :

1) салқындату жүйесіне аз қататын сұйықтықты құю (күзгі-қысқы уақыт кезеңінде сақтауға қою кезінде);

2) желдеткіш, генератор және сығымдағыш жетегі белдіктерінің тартылуын б о с а т у ;

3) тұтандыру оттықтарын бұрап алу және қозғалтқыштың цилиндрлеріне 50-70 см³ -ден май құю, содан кейін иінді білікті 5-6 айналымға бұру және тұтандыру оттықтарын бұрау;

4) сығымдағыштың цилиндрлеріне 20 см³ -ден май құю;

5) электролиттің тығыздығын тексеру және қажет жағдайда сақтау температурасына сәйкес келетін қажетті деңгейге жеткізу және аккумулятор батареясын толығымен зарядтау. Аккумулятор батареясының минуттық клеммасын шанақпен (массамен) қосатын сымды ажырату;

б) қоректендіру жүйесі ауа сүзгісінің кіріс келтеқұбырын және сөндіргіштің кіріс құбырының саңылауын майлы қағазбен тығыз жабу;

7) қол тежегішінің үйкелу тораптарын майлау;
8) автомобильді, доңғалақтардың жер бетінен көтерілуін қамтамасыз ететіндей тұғырықтарға қою;

9) кабина мен шанақтың есіктері мен терезелерін және желдеткіш люктерді жабу.

121. Автокөлік құралдарын алты айдан артық мерзімге сақтауға қою кезінде ТҚк операцияларының тізбесіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі :

1) салқындатқыш сұйықтықты салқындату жүйесінен құйып алу (жүк автомобильдері мен автобустар үшін) және жүйені таза сумен жуу, құйып алу крандарын ашық күйде қалдыру;

2) отынды отын багынен құйып алу;

3) аккумулятор батареясын, оны қоймада сақтау үшін автокөлік құралынан алу ;

4) шиналарды жарық өткізбейтін материалмен жабу немесе қорғаныш ерітіндісімен өңдеу (ашық алаңдарда сақтау кезінде);

5) жүк автомобильдері мен автобустар шанағының және жүк автомобильдері кабинасының сыртқы бетін балауыз пастасымен, ал сәндік бөлшектердің хромдалған немесе жылтыратылған беттерін бұзылудан сақтайтын май қ а б а т ы м е н ж а б у .

Автокөлік құралдарын ашық алаңда сақтау кезінде резеңке-техникалық, пластмасса бұйымдардың және лак-бояу қабықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында автокөлік құралын тура күн сәулесі мен жауын-шашынның әсерінен сақтау қажет (тентпен жабу, уақытша қалқа жасау).

&8 Автокөлік құралдарын жөндеу

122. Орындалатын жұмыстардың мақсатына, сипатына және көлеміне сәйкес жөндеу: ағымдағы (бұдан әрі - АЖ) және күрделі жөндеу (бұдан әрі - КЖ) болып бөлінеді.

123. Жолаушыларды және жүктерді тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдарын, олардың агрегаттары мен тораптарын ТЖ не техникалық жөндеу станцияларында техникалық бақылау және (немесе) диагностикалау нәтижелері бойынша жоспарлы, не жүрмей қалу (ақаулылық) кезінде автокөлік кәсіпорындарының күшімен және құралдарымен орындалады және автокөлік құралдарының жарамды күйін қамтамасыз етуге немесе қалпына келтіруге арналған.

124. ТЖ операцияларына шектік рұқсат етілген тозу параметрлеріне жеткен жеке агрегаттарды, тораптарды және бөлшектерді, негізгіден (2-қосымша) басқа, ауыстыру кіреді және әдетте, ТҚк-мен бір мезгілде орындалады.

125. Ағымдық жөндеу орындалу көлеміне, орнына және уақытына байланысты :

- 1) өтінімдік ағымдық жөндеу (бұдан әрі - ТЖ₃);
- 2) ілеспелі ағымдық жөндеу (бұдан әрі - ТЖі);
- 3) жоспарлы-алдын алу ағымдық жөндеу (ЖАЖ) болып бөлінеді.

126. ТЖ₃ агрегат, торап немесе бөлшек шектік рұқсат етілген тозу параметрлеріне жеткен немесе кенеттен жүрмей қалу немесе ақаулылық пайда болған кезде қажеттік бойынша орындалады.

127. ТЖі аз еңбекті қажет ететін, технологиялық жағынан байланысты және әдетте, ТҚк бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде орындалатын операцияларды қамтиды.

128. ЖАЖ автокөлік құралының нақты маркасы (үлгісі) үшін берілген пайдалану шарттарында негізделген жүріс аралығы немесе уақытша кезең арқылы мәжбүрлі түрде орындалады.

129. ЖАЖ-ға жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсер ететін, сондай-ақ автокөлік құралдарын белгілі бір жағдайда пайдалану кезінде едәуір жиі туындайтын жүрмей қалу және ақаулықтарды болдырмауға бағытталған жұмыстар жатады.

130. ТЖ жұмыстарын реттеу (жоспарлы-алдын алу ағымдағы жөндеу) тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде жоғарғы талаптар қойылатын автобустар мен таксилер үшін едәуір орынды. ТЖ салыстырмалы еңбекті қажет ету орташа алынған нормативтері жөндеу жұмыстарын жоспарлау мақсаттары үшін 7-қосымшада келтірілген. Автокөлік құралының нақты маркасының (үлгісінің) ТЖ салыстырмалы еңбекті қажет ету мәндерін анықтау үшін бұл мәндерді әрбір нақты жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізуші операцияларды нормалау арқылы белгілейді.

131. Жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдарының, олардың агрегаттары мен тораптарының КЖ сондай-ақ автокөлік кәсіпорындарының күштерімен және құралдарымен ТҚ посттарында, сондай-ақ осы мақсаттар үшін арнайы арналған және жабдықталған өндірістік үй-жайларда (агрегаттық, дәнекерлеу, мыстау, қаптау, бояу, темір соғу, вулканизациялау цехтарында, отын аппаратурасы мен электр жабдығын жөндеу бойынша цехтарда) не техникалық қызмет көрсету станцияларында орындалады.

132. КЖ-де автокөлік құралдарының агрегаттары мен тораптарының техникалық жай-күйі параметрлерін, олардың жүрісін келесі күрделі жөндеуге дейін қамтамасыз ету не жаңа автокөлік құралдарына арналған жүріс нормаларының кемінде 80%-ын есептен шығару мақсатында қалпына келтіру көзделеді.

133. Автокөлік құралдарының, агрегаттар мен тораптардың КЖ қажеттік бойынша олардың техникалық жай-күйін диагностикалау және талдау нәтижелеріне сәйкес және жасаушы кәсіпорында белгіленген жөндеуаралық жүріс нормаларына сәйкес орындалады.

134. Автокөлік құралының немесе агрегаттың КЖ кезінде оны жеке агрегаттарға, ал соңғыларын жөндейтін не ауыстыратын тораптар мен бөлшектерге толық бөлшектеу жүргізіледі. Бөлшектері жинақталғаннан кейін агрегаттар жиналуға, сыналуға тиісті және автокөлік құралын жинауға жіберіледі

Одан басқа, КЖ-ге автобустар мен жеңіл автомобильдерге арналған шамақты, жүк автомобильдеріне арналған раманы ауыстырумен немесе кемінде үш негізгі агрегатты (2-қосымша) кез келген үйлесімде бір мезгілде ауыстырумен байланысты жұмыстар жатады.

&9 Автокөлік құралдарының, агрегаттардың, тораптардың және бөлшектердің техникалық жай-күйін диагностикалау

135. Диагностикалау автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу технологиялық процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және автокөлік құралдарының, агрегаттардың, тораптардың және бөлшектердің техникалық жай-күй параметрлерін анықтауға бағытталған.

